


Облыстық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

«Өзін-өзі тану» пәні мен басқа оқу пәндерінің мазмұны мен әдістерін интеграциялау

АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт повышения квалификации педагогических работников по Южно-Казахстанской области

ЖІЛДІК ШЫҒЫСМАҚАЛАР



эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады.

Ата-аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс.

Бала бақыты- білімде. «Білім-бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды», -деген А.Байтұрсынов.

«Бір жылдығыңды ойласаң арпа ек, он жылдығыңды ойласаң тал ек, бүкіл ғұмырыңды ойласаң бала тәрбиеле» деген дана сөздің өзінен- мән бергенін аңғарамыз.

Адам баласы үшін ең қымбат, ең асыл құндылық ол- сүйіспеншілік. Біздің жалпы болмысымыз бес құндылықтан тұрады екен.

Дұрыс әрекетіміз-іс-әрекеттегі сүйіспеншілігіміз.

Ақиқат-ойдағы, сөздегі сүйіспеншілігіміз.

Тыныштық-сезім арқылы сүйіспеншілігіміз.

Қиянат жасамау-түсінісудегі сүйіспеншілігіміз.

Адам дегеніміз- рух-жан-тән- деп белгілі психолог, профессор Ш.А.Амонашвили рухани өмірсіз адам өмір сүре алмайды. Сапа мазмұны рухани өмірге бағытталған да ғана, ол адамның жеке тұлғалық сапасына тәуелді. Тіршілікте рухани өмір ең жоғары әр адамның жеке меншігі.

Адам үшін ең дұрысы өзін-өзі тану (Хиллон)

Өзінді-өзің танысаң істің басы-деп, Әл-Машани айтқандай біз өзімізді танып, құрметтеп, сыйласақ өзгені де сыйлай біледі екенбіз. Егерде біз осы жалпы адамзаттық құндылықтарды өмір жолында, отбасында пайдаланып тәлім-тәрбие берсек нұр үстіне нұр болары анық.

Бала-әр жанұяның бақыты. Олай болса өз бақытымызды бағалай білейік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Амонашвили Ш.А. В школу с шести лет. М., 1986
2. «Бала мен балабақша»-Республикалық журнал
3. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты»// Дала мен қала №5 8-ақпан. 2008 жыл.
4. Ф.Н.Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика». Астана, 2012 жыл.
5. Ф.Ниязбекова. М. Сансызбайқызы. «Балабақшада баланы мектепке дайындау» Алматы «Шартарап» 2000 жыл.

«ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУ» САБАҒЫНЫҢ БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫ БАЙЛАНЫСЫНДАҒЫ РӨЛІ

Досмуратова К.А.

ОҚО, Кентау қаласы

МКҚК «Әлия» бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі

**Бала - атаға, анаға, әкеге, шешеге, ағаға, тіпті қала берді үйге келген қонаққа да қарап өседі
Халық даналығы**

«Отбасы бала үшін алтын бесік. Ұлы Абай: «Адам ата – анадан туғаннан есті болмайды, естіп, көріп жақсы жаманды таниды, сондықтан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген. Бала – кең әлемдегі ең пәк, ең таза асыл жан. Оның ойының тазалығы, арының тазалығы, оны қоршаған ортаға байланысты болмақ. Бала осы ортаны қалай қабылдап, танып білсе, оның алдынан кең әлемнің есігі де солай ашылмақ. Отбасы барлық уақытта да өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбие мәселелерін шешуде үлкен рөл атқарады. Бала тәрбиесінде ата – ананың ойы, сөзі, тірлігі үйлескен уақытта ғана оң нәтижеге жетпек.

Жас кезден бастап бесік жырын естіп, аңыз әңгімелерді әбден құлағына сіңіріп өскен жас ұрпақ қай жерде жүрсе де, мекендесе де ананы, Отанды, еңбекті, тілін сүюді ешқашан жадынан шығармайды.

Сондықтан, мейрімділік пен адалдық, үлкенді құрметтеу, өз ұрпағының бойына сіңіру ардақты қадір – қасиет.

Мектеп жасына дейінгі балаға «Отан», «Туған жер» дегенімізді тарихи қалыптасқан әлеуметтік, саяси мәдени орта екенін, ол халықтың тұрмысын, еңбегін, өнер, тілі, ұлттық дәстүрімен байланысты екенін таныту арқылы, қарапайым адамгершілік сезімін дамыту басты мақсатымыз. Өзін – өзі тану

бағдарламасы да дәл осындай көзқарасқа негізделген.

«Өзін – өзі тану» пәнінің басты міндеттері:

- балалардың өзін – өзі тануда және өзін – өзі іске асыруда шығармашылық қажеттілігін дамыту;

- жалпы азаматтық құндылықтардың негізін түсінуде әлемдік үйлесімділік көрінісін қалыптастыруға әсер ету;

- білім беруде және өмірдегі жағдаяттарда адамгершілік мінез – құлық тәжірибесін қалыптастыру.

Ұрпақ өнегесі, олардың адамдық болмысы жайлы ой толғап, рухани – адамгершілік білім беруді басты идея етіп ұстанатын «Бөбек» қорының президенті С.Назарбаеваның «Өзін – өзі тану» авторлық бағдарламасы оқу – тәрбие үрдісіне кеңінен енгізілуде. Бұл пәннің негізгі мақсаты – адамның қоршаған ортаны танып, өзінің ішкі жан дүниесіне үніліп, өзін – өзі тану негізінде, адамгершілік – рухани әлеуетін көтеру, баланың өзіндік «Менін» қалыптастыру.

Пәннің әр тарауы, әр тақырыбы болашақ ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез – құлқын тәрбиелеуге, адамгершілік принциптері мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген.

«Өзін – өзі тану» бағдарламасының өзіндік ерекшелігін байқататын «Шаттық шеңбері» «Жүректен жүрекке шеңбері» «Өзіммен – өзім» «Сергіту сәті» «Армандайық» «Ойын жаттығуы» балалардың дамытушы ортасын құруға және рухани дамудың негізін қалауға ықпал етеді.

Атап айтар болсақ: дәстүрлі ата – аналар жиналыстарымен бірге

«Әкем, шешем және мен» спорттық жарыстар, «Қыз сыны» «Жігіттің сұлтаны» байқаулар, «Отбасы – алтын ұям» ашық

ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті, ойын сауық кештері, ата – аналарға арналған сауалнамалар, түрлі мерекелер, көрмелер, басқа да түрлі шаралар ата – аналардың қатысуымен ұйымдастырылып отырады.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін басшылыққа алады. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне деген сенімділікті қалыптастыруда отбасы мен педагогтар маңызды рөл атқарады.

Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі – дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі, дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан жетілдіріп, оны тұлға жағынан қалыптастыру.

Баланы жастайынан бастап әдет – ғұрыпты, салт – дәстүрді игеруге, ұлттық құндылықтарымызды дамытып, халық өнеріне баулу балабақша мен отбасындағы тәрбиенің негізгі көзі болуы тиіс.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан – жақты жетілген, ақыл – парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу, біздің де қоғам алдындағы борышымыз деп түсінеміз.

Егеменді елдің ертеңі оқу – білімінің тереңдігімен өлшенеді. Қазір барлық жерде әрбір ұлт өз салт – санасын, дәстүрлерін қалпына келтіріп, оны жас ұрпақтың ертеңгі болашағына жарату барысында игілікті шаралар атқарып отыр. Егер бүлдіршіндерімізді болашақта нағыз азаматтар қатарында көргіміз келсе, онда олардың бойына ұлттық сана – сезім, ақыл – тәрбие, ұрпақтан – ұрпаққа ұласып келе жатқан асыл сезімдерімізді бойларына неғұрлым қазірден бастап ерте дарыта берсек онда күтер нәтиже де соғұрлым жоғары болмақ.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ӨЗІН ӨЗІ ТАНУ ПӘНІН ВАЛЕОЛОГИЯМЕН ЫҚПАЛДАСТЫРУ

Утепбаева Г.К.

ОҚО, Шымкент қаласы

№69 «Еркебұлан» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі

Төрегелдиева С.Е.

№69 «Еркебұлан» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Еліміздің егемендігі нығайып, ертеңіне сеніммен қадам басқан шағында заманына сай адамын тәрбиелеу басты міндет. Осы өрелі

жолда ұрпақ өнегесі, олардың адамдық болмысы жайлы ой толғап, рухани-адамгершілік білім беруді басты идея етіп